QYZYLORDA
OBLYSYNYŃ
ÁKIMDIGI

«QYZYLORDA OBLYSTYQ
ISHKI SAIASAT BAŞQARMASY»
MEMLEKETTIK MEKEMESI

АКИМАТ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КЫЗЫЛОРДИНСКОЕ
ОБЛАСТНОЕ УПРАВЛЕНИЕ
ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ»

120003, Qyzylorda qalasy,
Sultan Beıbarys kóshesi №1, 309 kab.
(7242) 605319, e-mail: uvp@korda.gov.kz

120003, город Кызылорда,
улица Султан Бейбарыс №1, 309 каб
(7242) 605319, e-mail uvp@korda.gov.kz

№ 07-06/708
10.04.20

**«Ашық азаматтық қоғам»
ақпараттық-ресурстық орталығы»
қоғамдық қорына**

*08.04.2020 ж.*
*№ 24 хатқа*

Облыстық ішкі саясат басқармасы «Интернет ресурстар мен әлеуметтік желілер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты ұйымдастыру, сондай-ақ әлеуметтік желілерде тиімді пайдалануды үйрету жөніндегі ақпараттық қызметті» әлеуметтік жобасы аясында 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыс жасау сұралады.

Іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына» арналған интернет-акцияны өткізуге және төтенше жағдайларға байланысты «Үйде болыңыз!» атты бейнероликті көрсетілген сценарий аясында әзірлеуге келісім берілетіндігін хабарлайды.

**Басқарма басшысының
орынбасары** **Қ. Жанұзақов**

Тел.: 8/7242/605328

«АШЫҚ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ»
АҚПАРАТТЫҚ-РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
«ИНФОРМАЦИОННО-РЕСУРСНЫЙ ЦЕНТР
«ОТКРЫТОЕ ГРАЖДАНСКОЕ ОБЩЕСТВО»

«ASHYQ AZAMATTYQ QOĞAM» AQPARATTYQ-RESÝRSTYQ ORTALYĞY» QOĞAMDYQ QORY

Республика Казахстан, город Кызылорда, ул.Али Исаев №36, 8 (707)282-65-15, 8 (708)870-37-78, irc.ogo@mail.ru

08.04.2020 № 24

г.Кызылорда

**Қызылорда облыстық ішкі**
**саясат басқармасы басшысының**
**орынбасары Қ.Жанұзақовқа**

**Қызметтік хат**

**«Интернет-ресурстар және әлеуметтік желілер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты ұйымдастыру, сондай-ақ әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану бойынша оқыту»** әлеуметтік жобасы аясында **«Коронавирус»** пандемиясына орай тұрғындарды үйде отыруға шақыруға бағытталған **бейнеролик** және тұрғындардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай **онлайн-байқау** ұйымдастыру жоспарлануда.

Осыған орай, аталған шараның маңыздылығын ескере отырып ұйымдастырылуына келісім беруіңізді сұраймын.

***Қосымша: 2 парақта***

**Қор Президенті** **А.С. Аликулов**

*Байл.:8 707 282 65 15*

**«Коронавирус» пандемиясы кезінде тұрғындарды үйде отыруға шақыратын бейнероликтің қысқаша сценарийі**

**«Үйде болыңыз!»**

Ролик уақыты: *2 минут*

*(Кейіпкерлер түрлі эмоциямен айтады)*

1. ***Балапан арнасын көріп отырған оқушы қыз***: -Мектебімді, сыныптастарымды сағындым;
2. ***Белгісіз мекеме қызметкері:*** - Әріптестерімді сағындым
3. ***Инстаграм көріп отырған студент:*** - Группаластарымды сағындым
4. ***Думан Нәрзілдаев:*** - Футбол алаңын, жанкүйерлерді сағындым
5. ***Асылхан Дүкенбаев***: - Қазақтың той думанын сағындым
6. ***Театр әртісі:*** - Өнерге құштар зал толы көрерменді сағындым
7. ***Қамшыбек Қоңқабаев:*** - Жаттығу залын сағындым
8. ***Мешіт имамы:*** - Мешітімізге ағыла келген жамағатты сағындым
9. ***Вирусқа қарсы ем жүргізіп жатқан дәрігер:*** - Мен отбасымды, үйімді сағындым! Үйде болыңызшы.
10. ***Роликке қатысушы барлық кейіпкер:*** Осы індетті жеңіп және өз ортамызға тездетіп оралу үшін барлық талаптарды сақтап Үйде болыңыз!

(1-экранға шығады) **Біз бірге болсақ - әлемді құтқарамыз!**

(2-экранға шығады) **#Бізбіргеміз**
**#Үйде болыңыз**

***Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы және «Ашық Азаматтық Қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығы логотиптері***

***СОҢЫ.***

Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай онлайн-байқауының қысқаша

# ЕРЕЖЕСІ

1. **Ұйымдастырушылар:** Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы және «Ашық Азаматтық Қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығы
2. **Өтетін жері:** Фейсбук, инстаграмм әлеуметтік желілерінде
3. **Өтетін уақыты:** 2020 жылғы 10-30 сәуір күндері аралығында
4. **Комиссия мүшелері:** Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы және «Ашық Азаматтық Қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығының бекітуі бойынша танымал ақын, сазгерлерді қоса алғанда құрылады.
5. **Кімдер қатыса алады?!:** Қызылорда облысының тұрғындары (барлық аудан және қаланы қоса алғанда)
6. **Қатысушы үшін не істеу керек?!**: Фейсбук немесе инстаграм әлеуметтік желісінде Абай Құнанбаевтың бір өлеңін жатқа айту.
7. Қатысушылар I, II, III орындармен, бағалы сыйлықтармен және арнайы дипломмен марапатталатын болады.